Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Кызылорда жолдары» ЖШС, «GeoProKz» ЖШС мен «ЭКСПЕРТНАДЗОР» ЖШС өзара бірлесе отырып, кенттің әлеуметтік-экономиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№4 МЕМОРАНДУМ **02.11.2023г**

Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан әкім Ж. Ақбергенов, «Кызылорда жолдары» ЖШС-нің тарапынан А.Шоманов, «GeoProKz» ЖШС-нің тарапынан Б. Жусупов және «ЭКСПЕРТНАДЗОР» ЖШС-нің тарапынан Қ.Сисенбеков әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

Нысандардың атауы:

№	Көше атауы	Ұзындық, м
Шиелі ауданы, Бәйтерек ауылдық округі		
1.	31 квартал участок 4	200

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру.

2- бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«GeoProKz» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023 жылы Бәйтерек ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, сараптамадан өткізуді де міндетіне алады.

4-бап

«Кызылорда жолдары» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023 жылы Бәйтерек ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысын (Қиыршық тас жол) өз қаражаты есебінен аяқтап Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5-бап

«ЭКСПЕРТНАДЗОР» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023 жылы Бәйтерек ауылдық округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол) құрылысының жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6-бап

Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Бәйтерек ауылдық округі әкімінің

округі аумағындағы инженерлік инфрақұрылымдық құрылысы (Қиыршық тас жол), құжаттарды уақытылы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Бәйтерек ауылдық округінде 2023 жылғы 02 қарашада 4 дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

«Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ Әкім	«GeoProKz» ЖШС-нің директоры	«ЭКСПЕРТНАДЗОР» ЖШС-нің директоры	«Қызылорда жолдары» ЖШС-нің директоры
Ж.Ақбергенов	Б.Жусупов	Қ.Сисенбеков	А.Шоманов